

ПСИХОЛОГИЯ

8

АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ



«Мәдени мұра»

**Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша
шығарылып отыр**

“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі қоғамдық
кеңестің құрамы

Құл-Мұхаммед Мұхтар, *төраға*
Досжан Ардақ, *төрағаның орынбасары*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері

Абдрахманов Сауытбек
Аяған Бүркіт
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әйтімова Бірғаным
Әлімбай Нұрсан
Әуезов Мұрат
Базылхан Нәпіл
Байпақов Карл
Биекенов Кеңес
Ертісбаев Ермұхамет
Кенжеғозин Марат
Қасқабасов Сейіт
Қойгелдиев Мәмбет
Нысанбаев Әбдімәлік
Өмірбеков Байтұрсын
Салғара Қойшығара
Сариева Рысты
Сейдімбек Ақселеу
Сұлтанов Қуаныш
Таймағамбетов Жәкен
Тұяқбаева Баян
Хұсайынов Көбей

ПСИХОЛОГИЯ



АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ

10 ТОМДЫҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ИНСТИТУТЫ

ПСИХОЛОГИЯ:
АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Редакция алқасы:

Әбділдин Ж.М.	— ҚР ҰҒА академигі
Әбеуова И.Ә.	— пед.ғ.к., доцент
Әбішев Қ.Ә.	— философия ғ.д., профессор
Әлжан Қ.Ұ.	— философия ғ.к., төрағаның орынбасары
Бердібаева С.Қ.	— психология ғ.д., доцент
Ғабитов Т.Х.	— философия ғ.д., профессор
Жақышов С.М.	— психология ғ.д., профессор
Жарықбаев Қ.Б.	— психология ғ.д., пед.ғ.д., профессор
Молдабеков Ж.Ж.	— психология ғ.д., профессор, төрағаның орынбасары
Нұрмұратов С.Е.	— философия ғ.д., доцент
Нысанбаев Ә.Н.	— ҚР ҰҒА академигі, төраға
Сәбит М.С.	— философия ғ.д., профессор
Сейсенова Н.Б.	— жауапты хатшы
Шериязданова Х.Т.	— психология ғ.д., профессор

Құрастырушылары:

Әбеуова И.Ә.
Шериязданова Х.Т.

Аудармашылары:

Әбеуова И.Ә.	— педагогика ғ.к., доцент
Бапаева М.Қ.	— психология ғ.к.
Ғабдуллин Н.А.	
Бапаева С.Т.	
Ермекбаева Л.Х.	
Қожамжарова К.Ө.	
Нығметова Қ.Н.	

Сарапшысы:

Рақымбеков Қ. — психология ғ.к., доцент

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕОРИЯЛАРЫ

8

 Шаймас
Баспа Үні

Алматы 2006

ББК 88.3
П 84

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

П84 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10
томдық: Жеке тұлғаның қазіргі теориялары. 8-том/
Жетекшісі — акад. Ә.Н.Нысанбаев. — Алматы:
"Таймас" баспа үйі, 2005. — 480 б.

ISBN 9965–9782–8–X

Бұл томға жеке-даралық психологияның негізін қалаушы болып есептелетін А.Адлердің және аналитикалық психологияның негізін салушы К.Г.Юнгтің, сондай-ақ әлеуметтік үйрету теориясының авторы А.Бандураның еңбектерінен үзінділер аударылып берілді.

Психолог-мамандарға, студенттерге, әсіресе практикалық психологиямен айналысушы мамандарға арналған.

П 0303000000—15_06
00(05)—06

ББК 88.3

- © "Таймас" баспа үйі, 2006
- © Әбеуова И.Ә., Шериязданова Х.Т., құрастырушылар, 2006
- © Әбеуова И.Ә., Бапаева М.Қ., Бапаева С.Т., Ғабдуллин Н.А., Ермекбаева Л.Х., Нығметова Қ.Н., Қожамжарова К.Ө., аудармашылар, 2006
- © "Баур плюс" ЖШС, көркемдік безендірілуі, 2006

ISBN 9965–9782–8–X(8-т.)
ISBN 9965–9782–0–4

АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат ақыл-ойының қазынасы 10 томдығының "Жеке тұлғаның қазіргі теориялары" деп аталатын сегізінші томына жеке-даралық психологияның негізін қалаушы болып есептелетін А.Адлердің және аналитикалық психологияның негізін салушы К.Г.Юнгтің еңбектерінен үзінділер аударылып берілген.

I бөлім Альфред Адлердің "Балаларды тәрбиелеу. Жыныстардың өзара әрекеттестігі" деп аталатын еңбегіндегі баланың жеке тұлғасы, оның дамып қалыптасуы, отбасындағы жағдайы, мектеп қабырғасындағы ерекшеліктері туралы мәселелерінен, "Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған сұрақнамадан", сондай-ақ "Жеке-даралық психологияның тәжірибесі мен теориясы" атты еңбегіндегі жеке-даралық психология теориясынан тұрады.

Адлердің жеке-даралық психологиясы — адамды біртұтас бірлікте қарастыратын ілім. Адамның бүкіл өмірі мақсатқа негізделген, мінез-құлқын, оның неге ұмтылатынын білмейінше, біз адамды түсіне алмаймыз. Адамның психикалық дамуының мақсаттылығы жеке-даралық психология ілімінің іргетасын қалайды.

Адам дамуының негізі, Адлердің ойынша, адам жанының динамикалық және мақсатты ұмтылысы. Балалық шақтан бастап бала даму үшін күреске түседі және осы күрес оның санадан тыс қалыптасқан — ұлылық, мүлтіксіздік, артықшылық туралы армандарымен байланысты болады. Артықшылыққа ұмтылушылықпен қатар жүретін туа біткен "толымсыздық кешені" баланың осы сезімді жеңуге тырысуын тудырады. Адлер осы екі сезімді бір заттың екі қыры деп сипаттайды.

А.Адлердің жаңашылдығы оның педагогика мен психологияны тығыз байланыстыруы болып табылады.

Адлер мұғалімдер мен ата-аналарды балаларда толымсыздық кешенінің туындау проблемасына көңіл аударуға шақырады. Өзімен-өзі жүрген, өзіне сенімсіз балалар шынайы өмір проблемаларынан қашады.

Адлердің пікірі бойынша, әлеуметті белсенді адам болу дегеніміз — басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу және олармен тіл табысу, өзін жалпы қоғамның және жекелеген топтардың (отбасы, мектеп ұжымы және т.б.) мүшесі екенін сезіне білуі.

Жеке-даралық психологияның негізгі қағидасы — өтем (компенсация). Адлердің ойынша, тұлға дамуының негізгі факторы толымсыздық (кешені) сезімі мен соның негізінде туындаған артықшылық арасындағы қарама-қайшылық. Осыған байланысты, Адлердің ілімі бойынша, тәрбиелеудің мақсаты — оның толымсыздық кешенді сезімін басқа жаққа бағыттау болып табылады. Осыдан жеке-даралық психологияның тағы да бір ұғымы — қауымдастық сезімі (әлеуметтік сезімі) туындайды. Әлеуметтік сезімі бала дамуының қалыптылығының көрсеткіші. Адлердің өзіндік педагогикалық технологиясы дәл осы қағидаға негізделген. Әлеуметтік сезімнің бұзылуы бала дамуына үлкен зиян келтіреді.

Осы әлеуметтік сезімді қалыптастыру бірінші мәселені шешуді — екіншімен — мамандықтар әлемінде өзіндік айқындалумен байланыстырады. Адам қалай өмір сүреді? Мамандық таңдау тек жеке тұлғалық мәселе ғана емес, оның қоғамдық мәні де бар.

Адлердің талдайтын үшінші мәселесі — махаббат пен неке мәселелері. Махаббат екі адамның қатынасының көрінісі ретінде әлеуметтік сезімнің бөлігі деп саналады. Оның өз заңдары бар, қоғам махаббатсыз өмір сүре алмайды. Ол — адамзат қоғамының сақталуы үшін қажетті компонент. Кімде-кім қоғамды мойындаса, махаббатты да мойындауы керек. Сондықтан да Адлер жасөспірімнің жыныстық тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі.

Адлердің "Жеке-даралық психологияның тәжірибесі мен теориясы" атты еңбегіндегі жеке-даралық психология теориясы неғұрлым толық келтірілген. Бұл теория адам табиғаты мен оның мәніне деген философиялық, психологиялық, педагогикалық және медициналық көзқарастардың, сау тұлға дамуының қозғаушы күштерінің, невротик психиканың даму механизмдері мен оны түзету тәсілдерінің күрделі жүйесі болып табылады. Бұл жерде Адлердің талдауы толымсыздық кешені — билікке ұмтылу арқылы орнын толтыру — невроз сияқты дайын схемамен жүретіндей көрінеді. Дегенмен Адлер идеялары психоанализ бен

психологияның дамуында маңызды рөл атқарғанын айта кету керек.

II бөлім Карл Густав Юнгтің "Санадан тысқарының мәселесі" еңбегінен аударылған жекелеген үзінділерден, ал III бөлім әлеуметтік үйрету теориясының авторы Альберт Бандураның осы еңбегінен аударылған үзінділерден тұрады.

К.Г.Юнг жастық шағында-ақ айналасының діни түсініктерін жоққа шығарған: Юнгтің түстерінде мотивтердің бірі маңызды болды: ол дуалы қуаты бар қарттың бейнесін бақылады. Өткен шаққа деген қызығушылығы Юнгке жастық шақтан-ақ тән болды. Оның күнделікті өмірінде тұйық бозбала — бірінші нөмірлі жеке тұлға тіршілік етсе, түстерінде біріншісіне қарама-қарсы — екінші нөмірлі жеке тұлға көрінді.

1900 жылы Бургхельцли клиникасында ассистент ретінде қызмет ете бастаған Юнг осы клиникада көп нәрсеге қол жеткізеді — ол көптеген науқастардың жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Ол психиатрияның құрылымын өзгертуді мақсат етті, өйткені оған дейін психиатрлар есі ауысқандардың психологиясын көзге ілмеді. Ал 1905 жылдан бастап Цюрихте психиатрияның курсы оқи бастайды да, сол мезетте университеттік емханада бас дәрігердің орнына ие болады. Дәл сол жылы ол психиатриялық аурухананың жанындағы экспериментті психопатология лабораториясының негізін салады.

Юнг үшін психология ғылымдардың ғылымына айналды. Оның ойынша, қазіргі заманғы адамда біртұтас түсінікті, дүниетанымды нақ психология қалыптастырады.

1906 жылдан бастап Юнг пен Фрейд 1913 жылға дейін қызу хат алыса бастайды. Осы жылдары олар тәжірибелерімен, әр қилы теорияларымен, еңбектерімен алмасады. Жалпы Фрейд пен Юнгтің қатынастары әрқашан ымырашыл болды деп айтуға болмас. Юнг Фрейдтің беделін мойындай тұра, тіпті оны ұстазы деп атаса да, көп нәрседе онымен келіспейді. Фрейд тек сексуалды мотивтермен күш көрсету ұмтылысын көрген жерден, Юнг әйел және ер адамның бастауы әрі сан ғасырлық тарихы бар ұжымдық факторларды (архетиптерді) анықтады. Осы ұғымдардың барлығын жүйеге біріктіруге оның мәдениет пен дін тарихындағы және аса бай психотерапевттік тәжірибесі арқау болды.

Адам айналадағыларға қайсыбір мағыналы хабарламаны жеткізу үшін ауызша сөзді қолданады. Сондай-ақ кез келген тілде кездесетін сөз, символдардан басқа, нақты баяндалмайтын сөздік белгілерді де қолданады.

Юнг адамның күйзелетін психикалық тәжірибесі біржола жоғалмайды, адам миының құрылымдарында белгіленеді де, бейсаналылықтың тіліне айналып, адамның мінез-құлқына түрткі болатын ұжымдық бейсаналылықтың архетиптері түрінде инстинктілі деңгейде көрініс береді деп есептеген.

Адамның психикасы бейсаналы және саналы процестердің жиынтығын құрайды. Ежелгі адамдар түстердің, галлюцинациялардың тәжірибесін құдайдың шапағаты деп бағалаған. Архетиптер — бұл барлық адамзат үшін ортақ аңыздық бейнелер болып табылады. Бұл атаулар тіпті философиялық ұғым да емес. Олар — эмоциялармен және тірі адамдармен байланысты бейнелер, өмірдің бөлшектері.

К.Г.Юнгтің психоанализді өңдеуінің нәтижесінде психология, философия, астрология, археология, мифология, теология және әдебиет сияқты білімнің әр түрлі салаларындағы күрделі идеяларының тұтастай кешені пайда болды. Интеллектілі ізденістің осындай кеңдігі Юнгтің күрделі әрі жұмбақ авторлық стилімен үйлесімде оның психологиялық теориясын түсінуді едәуір қиындатады. Дегенмен Юнгтің көзқарастарымен таныстық оқырмандар үшін оның еңбектерін зерттеуде арқау болатынына үміттенеміз.

АЛЬФРЕД АДЛЕР

(1870—1937)

1870 жылғы 7 ақпанда Австрияда дүниеге келген. Балалық шақтан ол дәрігер болуды армандаған ол Вена университетін бітірген соң дәрігер болып қызмет атқарған. 1902 жылы З.Фрейдтің әйгілі “Түс жору” атты еңбегін оқыған соң психоаналитикалық қоғамның мүшесі болады.

Альфред Адлер жеке-даралық психологияның негізін қалаушы болып саналады. Адлердің ілімі бойынша, жеке тұлғаның дамуындағы ең маңызды үрдіс — ол өзінің жеке-даралығын тұтастықта сақтау. Жеке тұлғаның тұтастығы мен бірегейлігі туралы ой — А.Адлердің психология ғылымына қосқан өлшеусіз үлесі.

Адлер өте белсенді және жемісті еңбек еткен жазушы (300-ден астам кітаптары мен мақалалары бар). Оның жеке тұлға теориясына кіріспе ретіндегі қомақты еңбегі “Практика и теория индивидуальной психологии”; сондай-ақ “Невротическая консультация”, “Смысл жизни”, “Образ жизни” және т.б. еңбектері бар.

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ. ЖЫНЫСТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ*

1-тарау. КІРІСПЕ

Ересектерге қатысты тәрбие проблемасы психологиялық тұрғыдан өзін-өзі тану және өзін-өзі тиімді басқару мәселелеріне келіп тіреледі. Өскелең ұрпаққа қатысты тәрбиенің маңызы да осыған түйінделеді, бірақ айырмашылығы да бар: балалардың жетіле қоймауына байланысты ересектер жағдайында да әрқашан орын алатын басқару мәселесі бұл жерде анағұрлым маңыздырақ болады. Біз ықылас болса балалардың дербес және өз

*Адлер А. Воспитание детей. Взаимодействие полов (Пер. с англ. А.А.Валеева и Р.А.Валеевой. — Ростов на Дону. Изд. “Феникс”. — 1998, с. 17—205.

қалауымен дамуына рұқсат бере алар едік; егерде олардың дамуына жиырма мың жыл берілген болса, қолайлы жағдайларда олар өздері де бір кезде ересектер өркениеттілігінің өлшеміне (стандарт) жетер еді. Әрине, мұндай әдіс туралы сөз қозғаудың қажеті де жоқ, сондықтан ересек адам міндетті түрде бала дамуын басқаруы тиіс.

Осы орайда ең күрделі проблемалардың бірі: ересектердің білместігі туындайды. Ересекке өзін-өзі, өз сезімдерінің табиғатын, жақсы көруі мен жақтырмауын ұғыну, басқаша айтқанда өзінің психологиясын түсіну де қиынға соғады. Ал баланы түсіну және қажетті білімдер негізінде оларға басшылық ету одан екі есе қиынға соғады.

Жеке-даралық психологияның мақсаты да балалардың психологиясын зерттеу болып табылады, бұл олардың өздері үшін және оны білу арқылы ересектердің мінез бітістері мен мінез-құлқын түсінуге жол ашылады.

Жеке-даралық психология басқа психологиялық тұрғыларға қарағанда теория мен практика арасында алшақтыққа жол бермейді. Ол тұлғаның тұтастығымен байланысты және оның дамуы мен өзін көрсетуіндегі белсенді күресін зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми білімнің өзі практикалық даналық болып табылады, өйткені білім дегеніміз қателіктерді түсіну болса, оны кім меңгерсе де — ол психолог, ата-ана, дос немесе индивидтің өзі болсын — ол бірден осы білімін белгілі тұлғаны басқаруда практикалық тұрғыда қолданады.

Жеке-даралық психологияның әдіснамасына келсек, оның қағидалары бір-бірімен тығыз байланысты, себебі ол индивидтер мінез-құлқын жеке тұлғаның бүкіл құрылымымен мотивтелген және бағытталған деп қарастырады. Жеке-даралық психология адамның мінез-құлқы туралы не айта алса да, оның психикалық іс-әрекетінде көрінетін сол бір өзара байланыстарды бейнелейді. Осы тарауда жеке-даралық психологияның көзқарасын тұтастай көрсетуге әрекет етеміз. Келесі тарауларда кіріспеде көрсетілген түрлі өзара байланысты проблемаларды егжей-тегжейлі қарастыруға тырысамыз.

Адам дамуының негізгі көрсеткіші оның жан дүниесінің белсенді ілгерілеген қозғалысы болып табылады. Бала бөбектік кезеңнен бастап өзінің дамуы үшін тұрақты күресте болады: бұл күрес саналы қалыптаспаған, бірақ әрқашан да бар мақсат — күштілік, мінсіздік және мәртебелік бейнесімен байланысты. Бұл мақсатты күрес пен белсенділік адамға тән ойлау мен қиялға деген қабілеттілікті бейнелеп, өмір бойы біздің ерекшелік іс-әрекетімізде үстемдік етеді. Бұл біздің ойларымызда да

үстемдік етеді, себебі олар да субъективті және мақсатымызға сай және өмір сүру кейпімізге байланысты туындап отырады.

Тұлғаның бірлігі әрбір адамда болады деп түсінеміз. Әрбір индивид бір мезгілде тұлғалық бірлік пен осы бірлікті көрсететін жеке-даралық кейіп (стиль) болып табылады. Сонымен, индивид бір мезгілде бейне (кескін) әрі суретші де, бірақ ол шынайы жаратушы немесе өзінің жан дүниесі мен денесін әбден сезінетін адам емес, себебі ол әлсіз, қателесетін немесе мінсіздікке жетпеген болуы мүмкін.

Тұлғаның құрылымын қарастырудағы ең басты қателік оның бірлігі, ерекше кейпі және мақсаты объективті болмыс әсерінен емес, қоршаған ортаның деректеріне деген субъективті қатынасы негізінде қалыптасатыны болуы мүмкін. Деректі түсіну дегеніміз — ол деректің өзі емес; міне, сондықтан да бірдей жағдайлар әлемінде әрбір адам өзінің мінезін дербес қалыптастырады. Әрбір адам өзінің ішкі жан дүниесін өзінің заттарды тұлғалық көруіне сәйкес құрады және ұғымдардың салауаттылық сипаты біреуінде көбірек, біреулерінде азырақ болып келеді. Біз әрқашан да адамның дамуындағы осындай қателіктері және жаңылысуларымен санасуымыз қажет. Әсіресе біз олардың балалық шақта бұрыс қабылданған түсініктерімен санасуымыз тиіс, себебі олар оның кейінгі өміріне әсер етеді.

Осыны мынадай клиникалық мысалмен көрсетуге болады. 52 жастағы әйел әрқашан өзінен жасы үлкендеу әйелдерді қағытып отырған. Ол балалық шағында әпкесіне көбірек назар аударылғандықтан, өзін кемсіткендей және дұрыс бағаланбағандай сезінген. Осы жерде жеке-даралық психологияның біз "тік" (вертикал) деп атаған әдісін пайдалана отырып, оның өмірінің басы мен соңындағы ұқсас механизм, ұқсас психологиялық динамиканы көреміз. Онда үнемі бағаланбай қалу қаупі тұрады және сүйіспеншілікке бөленгендер мен ерекшеленгендерді көргенде оны ашу мен ыза қысады. Тіпті сол әйелдің өмірі немесе тұлғасының өзіне тән бітістерін түгел білмей-ақ, ол туралы білетініміздің жетіспейтін жерін келтірілген екі дерек негізінде толтыруға болады. Психологқа бұл жерде роман жазушы сияқты әрекет етуге тура келеді, адамды әрекеттерінің белгілі бағыттылығымен, өмір сүру кейпі және мінез бітімімен жасай отырып, оның тұтас тұлғалық бейнесі туралы әсер бұзылмайтындай ету керек. Жақсы психолог осы әйелдің түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауын алдын ала айта алар еді және оның өзіне тән "өмір жолын" анықтайтын мінез бітістерін анық сипаттап бере алар еді.

Тұлғаның қалыптасуына жауапты ұмтылыс немесе

бағытталған іс-әрекет басқа маңызды психологиялық құбылысты шамалайды. Бұл көңілі толмау сезімі. Барлық балаларда туа біткен көңілі толмау сезімі бар, ол қиялға түрткі болады және психологиялық қолайсыздықты жағдайды жақсарту жолымен бәсеңсітуге талаптану әрекетін тудырады. Жағдайды өзгерту осы толымсыздық сезімін бәсеңдетуге әкеледі. Психологиялық тұрғыдан алғанда бұл өтем (компенсация) ретінде қарастырыла алады.

Көңілі толмау мен оның өтем механизміне байланысты ең маңызды мезет олардың қателіктер жасауға алғышарттар болуында. Көңілі толмау сезімі шынайы жетістікке жетуге итермелеуі мүмкін; ол сонымен бірге толық психологиялық бейімдеушілікпен аяқталуы да мүмкін, ал бұл субъективті және объективті болмыс арасындағы алшақтықты кеңейте түседі. Немесе, сайып келгенде, толымсыздық сезімінің соншалықты қасіретті болуына байланысты оны жеңудің жалғыз жолы психологиялық орнын толтыратын мінез бітістерін дамыту болып табылады. Олар жағдайды ақырына дейін толық жеңуге көмектесе алмаса да, дегенмен мұндай бітістер қажет және міндетті.

Орнын толтырушы сапалардың дамуын айқын көрсететін балалардың үш түрлі категориясы бөліп қарастырылады. Бұл дене мүшелері әлсіз немесе жетілмеген болып туған балалар; қатал және сүйіспеншіліксіз тәрбиеленген балалар; және, ең соңында, тым ерке балалар.

Бұл жүйелеу қалыпты балалардың дамуын соған сәйкес зерттеуге болатын үш негізгі жағдайдың мысалы бола алады. Кез келген бала мүгедек емес, бірақ көптеген балаларда мүгедек балада көрінетін психологиялық қасиеттердің азды-көпті көрінуі таңғалдырады. Аса ерке және қараусыз қалған балалар категориясына келсек, шын мәнінде бүкіл балалар бір немесе бірдей екі деңгейге жатады.

Баяндалған үш жағдай да кемтарлық немесе көңілі толмаушылық сезімін соған қарсы әрекет ретінде — адамның мүмкіндіктерінен мүлдем асып түсетін кеудемсоқтықты тудырады. Көңілі толмау мен артықшылыққа ұмтылу — бұл екеуі әрқашан да адам өміріндегі бір құбылыстың екі фазасы, сондықтан олар ажыратылмайды. Патологиялық жағдайларда әсіреленген толымсыздық сезімі ме әлде артықшылыққа ерекше ұмтылу ма — қайсысы аса зиянды екенін анықтау қиын. Осы екі сезім де азды-көпті қатар жүреді. Балалар жағдайында тым толымсыздық сезімінен туындаған ерекше кеудемсоқтық сезімін

жиі кездестіреміз; олар жан дүниені жаралап, баланы өмір бойы қанағаттанбаған қалыпта қалдырады. Мұндай қанағаттанбаушылық сезімі пайдалы іс-әрекетке жетелемейді. Ол қашанда жеміссіз болады, себебі мінез бітісіне және өзін ұстау мәнеріне айналуы мүмкін шексіз кеудемсоқтықтан туындаған. Ол мәңгілік қоздырғыш ретінде әсер етеді және адамды ерекше сезімтал қылып, өкпе-наз бен қуғыншылықтан құтылу үшін әрқашан дайын болуға мәжбүрлейді.

Осы сияқты мінез иелері қабілеттерін іске асырмаған, біздің "жүйкесі қозған немесе оғаш мінезді" деп атайтын адамдарға айналады, ал жеке-даралық психологияның жылнамасында мұндай мысалдар толып жатыр. Егер оларды әрі қарай сол бетімен жіберсе, жауапсыздық пен қылмыстық әлеміне кіреді, себебі олар тек өздері туралы ғана ойлайды. Олардың адамгершілік және психологиялық эгоизмі абсолюттікке айналады. Олардың кейбіреулері объективті болмыстан бас тартып, өзі үшін жеке әлемін құрады. Қиялдарын тап бір жалғыз болмыс ретінде армандайтын және әлпештейтін, олар әйтеуір психологиялық тыныштық орнатуға жетеді. Қиялында өз әлемін туғызып, болмыстағы өмір мен сананы теңдестіреді.

Осы сияқты барлық жағдайларда психолог немесе ата-ана үшін бала немесе басқа индивидуум көрсететін әлеуметтік сезімнің деңгейі өлшем ретінде болады. Әлеуметтік сезім — қалыпты дамудың ең маңызды және ең шешуші факторы. Әлеуметтік немесе қоғамдық сезімді төмендететін кез келген бұзылым баланың ақыл-ойының дамуына орасан зор зиян келтіреді. Әлеуметтік сезім — баланың қалыпттылығының барометрі.

Жеке-даралық психология дәл осы әлеуметтік сезім негізінде өзінің педагогикалық технологиясын жасады. Ата-ана немесе тәрбиешілер баланың тек бір адамға ғана бауыр басуына жол бермеуі керек. Мұндай жағдайда ол кейінгі өмірге жеткіліксіз және шектеулі түрде дайындалған болады.

Баланың әлеуметтік сезімінің деңгейін анықтаудың жақсы тәсілі — оған мектепке барған кезінде бақылау жүргізу. Бұл кезде бала өте ерте және қатаң сынақтың бірімен кездеседі. Мектеп — бала үшін жаңа жағдай: ол баланың жаңа құбылыстармен, әсіресе жаңа адамдармен кездесуге қаншалықты дайын екенін көрсетеді.

Дәл осы — баланы мектепке дайындауға қажетті білімдердің жетіспеуі көптеген ересектердің өзінің мектеп қабырғасындағы жылдарын "құбыжықтай" көруіне себеп болады. Әрине, жақсы ұйымдастырылған мектеп көбінесе

ерте балалық шақта алған тәрбие кемшіліктерінің орнын толтыра алады. Мұраттағы (идеалдағы) мектеп отбасы мен қоршаған ортаның кең әлемі арасындағы делдал болуы керек; ол тек кітаптағы білім ғана емес, сонымен қатар өмірді білу мен өмір сүру өнеріне үйрететін орын болуы қажет. Ал мұраттағы мектеп отбасы тәрбиесінің кемшіліктерін түзетуге кіріскенше, біз ата-аналардың қателіктерін тура көрсетуіміз керек.

Мектептің өзі әлі де болса балалар үшін мұратты орта болмағандықтан, отбасы тәрбиесінің қателіктерін талдауда өзіндік индикатор бола алады. Басқа адамдармен қатынас жасауға үйретілмеген балалар мектепке барған соң өздерін жалғыз сезінеді. Соның нәтижесінде — оларға көзқарас ерекше болады, ол күн өткен сайын бастапқы үрдістің (тенденцияның) күшейе түсуіне әкеледі. Олардың қалыпты дамуы бұзылады да, олар "қиын" балаларға айналады. Адамдар осындай жағдайда, ол тек үй тәрбиесінің жасырын кемшіліктерін айқындаса да, мектепті кінәлайды.

Жалпы қиын балалар мектепте үлгере ала ма деген сұрақ жеке-даралық психология үшін әлі ашық күйінде қалып отыр. Біз әрқашан баланың мектептегі сәтсіздіктері сезік тудыратын симптом екенін дәлелдей аламыз. Бұл симптом тек оқудағы сәтсіздіктерді ғана емес, алдымен психологиялық сәтсіздіктерді айқындайды. Бұл бала өзіне сенімін жоғалта бастады деген сөз. Осыдан кейінгі қайрат-күшінің жоғалуы баланың дұрыс жолдардан қашып, әдеттегі міндеттерді орындаудан бас тартып, әрдайым еркіндік пен жеңіл жетістікке жету жолдарын іздеуіне әкеледі. Қоғамдағы қалыптасқан жолдан гөрі, өз көңілі толмаушылығына басымдық арқылы өтем алудың дербес жолын таңдайды. Ол барлық көңілі қалғандар үшін қолайлы — жедел психологиялық жетістік жолын таңдайды. Оған бекітілген қоғамдық ережелерге бағынудан гөрі, әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілікті аяққа басып және заңды бұзып, ерекше көріну және іштей жеңімпаз болу жеңілдеу. Бұл басымдыққа жетудегі жеңілдік сыртқы әрекеттерде көрінетін батылдық пен өжеттілікке қарамастан, әрқашан да жасырын қорқақтық пен әлсіздікті көрсетеді. Мұндай адам өзін көрсете алатын жерде әрдайым ерекшеленуге тырысады, осындай әдіспен өзінің артықшылығын көрсетеді.

Біздің бақылауымыздағы сырттай абайсыз және батыл мінез-құлық танытқанымен, іштей қорқақ болатын қылмыскерлер сияқты, балалардың да қандай да бір қауіпті жағдайларда өздерінің шарасыздығын мінез-құлқының

жекелеген көріністерімен танытқанын көрдік. Сонымен, біз балалардың, осы жағдайда ересектердің де, өздерін тік ұстай алмай, бір нәрсеге сүйеніп тұратынын жиі көреміз. Тәрбиенің ескі әдістерінде және мінез-құлықты бағалаудың ескі тәсілдерінде әдетте жасырын ситуацияны емес, тек симптомды ғана талдаған. Мұндай балаға әдетте: "Үнемі бір нәрсеге сүйене берме", — дейтін. Шын мәнінде мәселе баланың не нәрсеге сүйенуінде емес, оның тұрақты түрде сүйенішті (көмек) қажет етуінде. Баланы ұрсу немесе қолпаштау арқылы өз әлсіздігін көрсетудің осындай әдетін тастауға сендіруге болады, дегенмен оның ойынан кетпейтін сүйенішті қажет етушілігі онымен азаймайды. Тек жақсы тәрбиеші ғана осы жасырын аурудың белгілерін дұрыс тауып, оның жан дүниесін түсіне отырып түзете алады.

Бір ғана белгіге сүйене отырып, кейде мінездің көп сапаларының бар екенін түйіндей алуға болады. Аса үлкен сүйенішті қажет еткен баланың жағдайында біз бірден қауіптену мен тәуелділік сапаларын көре аламыз. Оның диагнозы бізге жақсы таныс, соған ұқсас адамдармен салыстыра отырып, біз осы сияқты тұлғаның бейнесін тұрғыза аламыз; содан кейін біз тым ерке баламен жұмыс істеу керектігін көреміз.

Енді басқа типтегі, сүйіспеншіліксіз тәрбиеленген балаларға тән мінез бітістеріне көңіл аударайық. Бұл категорияға тән белгілерді дамытылған формада адамзат тарихындағы барлық жауыздардың өмірбаянын зерттеуде көруге болады. Бұл адамдардың тағдырында ортақ нәрсе бар: оларға балалық шақта қатал қараған. Соның нәтижесінде оларда қатыгездік, көре алмаушылық және жек көрушілік дамыған. Олар біреудің бақытты болғанын көре алмайды. Күншілдер асып кеткен жауыздар арасында ғана емес, сонымен қатар шартты түрде қалыпты адамдар арасында да кездеседі. Олар қарауындағы балалардың өзінің балалық шағымен салыстырғанда бақытты болмауы керектігіне сенетін индивидуумдар. Мұндай көзқарас ата-аналардың балаларына деген қатынасына да, сол сияқты тәрбиешілердің өз қол астындағы бөтен балаларға деген қатынасына да тән екенін байқауға болады.

Осындай көзқарас пен осындай ойлар теріс пиғылдан тумайды: олар тек дер кезінде қатал тәрбиеленгендердің ой-санасын бейнелейді. Мұндай адамдар көптеген: "ұрусыз өскен бала — бетімен кеткен" деген сияқты дәлелдерді келтіре алады. Олар көптеген мысалдар келтіреді, бірақ олары бізді мүлдем сендірмейді, өйткені қатыгез, өктем тәрбиенің пайдасыздығы жай ғана дерек-

пен, яғни мұндай тәрбие баланы педагогтен алшақтатумен дәлелденеді.

Түрлі симптомдарды қарастыра және оларды біртұтас байланыстыра отырып, психолог пациентпен белгілі жұмыс жүргізгеннен кейін нақты осы тұлғаның жасырын психологиялық ерекшеліктерін анықтауға көмектесетін қайсыбір жүйені ұйымдастыра алады. Осы жүйе бойынша қарастыратын әрбір аспект зерттелуші индивидтің тұтас тұлғасының белгілі қырын бейнелейді, егер біз осы сияқты көрсеткіштерді зерттеуіміздің әрбір пункті бойынша ала алсақ, сонда ғана қанағаттанамыз. Сонымен, жеке-даралық психология әрі ғылым, әрі өнер болып табылады және қайсыбір тұлға туралы ойша құрастырған схема мен түсініктер жүйесі зерттеу барысында өлі механикалық негізде жасалмауы тиіс. Кез келген зерттеуде индивидтің жеке тұлғасын зерттеу аса маңызды болады. Біз бір немесе екі өте анық көрінетін белгілерден кең ауқымды қорытынды жасамауымыз керек, бірақ олардың мүмкін кезеңдерін бірізділікте іздестіруіміз керек. Тек біз жұмыс болжамымызды растай алған кезде ғана оның басқа да мінез-құлқының фактілерінен, мысалы, бірбеткейлік немесе түсініксіздік көріністерін таба алғанда ғана, біз ондай бірбеткейлік пен түсініксіздік оның бүкіл тұлғасына тән дегенді сеніммен айта аламыз.

Осы орайда зерттеу объектісінің өзі өз мінез-құлқының көріністеріне есеп бере алмайтынын, сондықтан да өзінің шынайы болмысын жасыра алмайтынын ескерте кетейік. Жеке тұлға әрекет үстінде ашылады. Және оның мәні индивидтің нені айтуы немесе өзі туралы ойлауында емес, оның әрекеттері мен қылықтарының астарында ғана көрінеді. Бұл пациент бізді әдейі алдағысы келеді дегенді көрсетпейді, біз тек оның саналы және санасыз мотивтерінің арасындағы зор алшақтықты көре білуге үйрендік. Осы алшақтық арасында көпір салу тек қана оған жанашырлықпен және шын пейілмен қарайтын адамның қолынан келеді. Осындай бақылаушы, мейлі ол психолог, ата-ана немесе мұғалім болсын, тұлғаны оның ниеттелген де, сонымен қатар санасыз да ұмтылыстарының көрінісі ретіндегі объективті фактілер негізінде түсіндіруге үйренуі тиіс.

Сонымен, индивидтің жеке-даралық және әлеуметтік өмірінің үш негізгі мәселесіне қатынасы оның тұлғасын бәрінен де жақсы ашып көрсетеді. Бұл проблемалардың біріншісіне әлеуметтік қатынастар жатады; оны біз болмысқа субъективті және объективті көзқарастарды қарсы қою астарында қарастырдық. Бірақ әлеуметтік қатынастар өздігінен айрықша проблема — танысу, достық

және басқа адамдармен қарым-қатынас проблемасы да болып табылады. Индивид осындай мәселеге қалай қарайды? Оның жауабы қандай? Бұл мәселе оны толғандырмайды, достар және қоғамдық қатынастар проблемасы ол үшін мүлдем парықсыз деп сендірсе, оның бейтараптығының өзі-ақ жауап болып табылады. Соның негізінде оның жеке тұлғасының қалыптасуының бағыттылығы туралы қорытынды жасай аламыз. Тіпті қоғамдық қатынастар тек қана достық және танысу механизмімен шектелмейтінін де айта кетейік. Барлық абстрактілі категориялар, мәселен достық, жолдастық, адалдық және сенімділік, осы қатынастарда түйінделеді және индивидтің қоғамдық қатынастар тұрғысындағы жауабы оның осы аспектілердің бәріне көзқарасын ашып береді.

Екінші проблема индивидтің өз өмірін қалай құрғысы келетініне, жалпылай еңбек бөлінісіне оның қалай қатысқысы келетініне байланысты. Егер әлеуметтілік мәселесі бір ғана "мен" емес, "мен — сен" өзара байланысымен анықталады десек, онда бұл мәселе түпкілікті "адам — ғаламшар" байланысына негізделеді деп айта аламыз. Егер бүкіл адамзат бір адамға сиятын болса, ол бүкіл ғаламшармен қауымдастықта болар еді. Сонда ол одан нені талап етер еді? Бірінші проблемадағы сияқты, мектептегі келеңсіздіктерді шешу мәселесі бір жақты немесе жеке сипатта емес, адам мен әлемнің өзара қатынасына байланысты болады. Бұл өзара қатынастар екі жақты: адам оларда өз қалауы бойынша әрекет ете алмайды. Жетістіктер тек қана біздің жеке еркімізбен анықталмайды, ол объективті болмысқа тәуелді болады. Осы себептен индивидтің іс-әрекет туралы жауабы да, оны қалай айтқаны да оның тұлғасын және өмірге көзқарасын жақсы ашып көрсетеді.

Үшінші проблема адамзаттың екі жынысқа бөлінуіне байланысты. Оның шешімі де жеке, субъективті іс емес, адамдардың өзара қатынасының табиғи объективті логикасымен байланысты. Мен басқа жыныстағы адамға қалай қараймын? Бұл сұрақтың әдеттегі түсінігі тағы да қателесуді көрсетеді. Дұрыс шешім тек қана жыныстар арасындағы өзара қатынастардың барлық аспектілерін жан-жақты қарастыруға байланысты. Махаббат пен неке проблемасына дұрыс тұрғыдан қарамау кез келген ауытқу, қателесулерді, тұлғаның өзіндегі ауытқушылықтарды көрсететіні анық. Осы проблеманы теріс шешудің көптеген жағымсыз салдарын сол ауытқудың өзін еске ала отырып қарастыру керек.

Сонымен, өмірдің басты желісі мен индивидтің нақты

мақсатын, жоғарыда келтірілген сұрақ-проблемаларға қалай жауап бергеніне қатысты анықтай аламыз. Бұл мақсат өте маңызды. Ол адамның өмір сүру бейнесін анықтайды және оның бүкіл әрекетінде бейнеленіп отырады. Демек, егер басқа бір адамға қажет, жақын адам болу мақсат етілсе, сонда осы мақсаттың өмірдің пайдалы жағына ұмтылған көрінісі индивидтің бүкіл проблема-ларын шешуде айқын көрініс береді. Оның шешімдері конструктивті сипатта болып, ол адамның жасампаз және пайдалы іс-әрекетімен ере жүретін бақыт сезімі мен өзінің қажеттілігін және күшін сезінеді. Егерде мақсат басқа бағытта болса, ол тек өзінің жеке және пайдасыз өміріне арналса, индивид кең ауқымды мәселелерді шеше алмайды және осы проблемаларды абыройлы шешуде ешбір қуанышқа кенелмейді.

Осы үш іргелі мәселе арасында тұрақты ішкі байланыс бар және әлеуметтік өмірдегі айрықша мәселелер дәл осы кең ауқымды проблемаларды дұрыс шешуден туындайды, олардың дұрыс шешімі тек қоғамның жеке тұлғалық бағдары жағдайында, басқаша айтқанда, тек дамыған әлеуметтік сезім негізінде іске асады. Мұндай мәселелермен адам ерте балалық шақта-ақ, қоғамдағы өмір ол сөйлегенде, қарағанда, естігенде, оның сезім мүшелерінің жетілуіне, оның бауырлары, апа-қарындастары, ата-аналары, туыстары, таныстары, достары және мұғалімдермен өзара қарым-қатынас процестерінің жетілуіне әсер еткенде кездеседі. Дамудың бұл стимулдары (түрткілер) мәңгі. Сондықтан да бауырластармен қоғамдық қатынастардан бас тартқан адам өзін жоғалтады.

Сонымен, жеке-даралық психология тек қоғам үшін не пайдалы болса, сол дұрыс, әділ дегенде нық сеніммен тұрады. Ол кез келген әлеуметтік стандарттан ауытқуды өмірдегі объективті заңдар мен объективті қажеттіліктермен қақтығысқа әкелетін құқықты бұзу деп түсінеді. Осындай объективтілікпен қақтығысу қателік жасайтын индивидтің өзінің еш нәрсеге тұрмастығын сезінуге әкеледі және өзін өкпелі сезінетіндерді жазалауда өте айқын көрініс береді. Әйтеуір, әлеуметтік стандарттан ауытқу біздің әрқайсысымыз саналы немесе санасыз түрде өзінде сақтайтын қоғамдық мұратты қирататынын айта кетейік.

Жеке-даралық психология тұлғаның дамуында оның әлеуметтік бағыттылығына қатаң көңіл аударуды сынақ ретінде ала отырып, кез келген баланың өмір сүру бейнесін оңай түсінеді және бақылай алады. Өйткені өмірдегі проблемалармен кездескен бала бірден, зерттелуші рөліндегідей, өзінің қаншалықты тәрбиелі екенін көрсетеді.

Басқаша айтқанда, өзіндегі бар әлеуметтік сезім, ерлік, саналылық және жалпы пайдалы мақсатты көрсетеді. Сонан соң біз оның жоғарыға ұмтылысының формасы мен ырғағын, оның толымсыздық сезімінің деңгейін, оның әлеуметтік санасының күшін табуға тырысамыз. Бұлардың бәрі өте тығыз байланысты және өзара шартталған, үйлесімді және ажыратылмас тұтастықты құрайды, оның құрылымында қателік табылып, оны түзеткенге дейін ол берік болады.

2-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ БІРЛІГІ

Баланың психикалық өмірі әрбір ұшырасқан сайын таңдандыратын аса керемет нәрсе. Бірақ осының бәріндегі ең қызығы, шамасы, баланың өмірбаянындағы бір эпизодты түсіну үшін оның өмірінің барлық қалтарыстарын қарастырудың мүмкіндігі болар.

Баланың әрбір әрекеті оның өмір жолын да, жеке тұлғасын да тұтас бейнелеуге қабілетті, сондықтан да өткен өмірінің астарларын ұғынбайынша, оның мінез-құлқын түсіну қиын. Міне, осы құбылысты біз жеке тұлғаның бірлігі деп атаймыз. Бұл бірліктің дамуы — мінез-құлық көріністері мен олардың экспрессиясын біртұтас бірлікке біріктіру — өте ерте балалық шақта басталады. Өмір талаптары баланы тек өзіне тән әрекет етуіне мәжбүрлейді, түрлі жағдаяттарға осылайша жауап беру тәсілі баланың мінезін қалыптастырып қана қоймай, басқа балалардың осыған ұқсас әрекеттерінен оның әрбір әрекетін де жеке-даралайды.

Осы жеке тұлғаның бірлігі феномені (ерекше құбылысы), әдетте, психологиялық мектептердің көпшілігінде қарастырылмайды, ол мүлдем жоққа шығарылмаса да, оған тиісті назар аударылмайды. Нәтижесінде психологиялық теория мен психиатриялық практикада көбінесе кейбір ерекше ым-ишарат (жест) немесе көрініс бөлекше, өзінше автономды болып қарастырылады. Кейде мұндай көріністерді күрделі деп, оны индивидтің басқа іс-әрекетінен бөліп алуға болады деп болжайды. Бірақ осындай әрекет бір нотаның мәнін, әуенді құрайтын бүкіл ноталар тізбегінен бөліп алып қарастыруға тырысумен, әуен қатарынан сол нотаны бөлумен парапар. Мұндай әдіс қате болғанымен де, өкінішке орай, кең таралған.

Жеке-даралық психология кең тараған, әсіресе балаларды тәрбиелеуге қатысты осы зиянды көзқарасқа

қарама-қарсы ұстанымды ұстауға мәжбүр. Осы орайда мұндай қателік жазалау теориясында өте айқын көрінеді. Бала жазалануға тиіс әлдебір нәрсені жасағанда әдетте не болады? Әрине, белгілі деңгейде баланың жеке тұлғалық сапаларына байланысты жалпы әсер назарға алынады. Бірақ көбіне ол пайдалыдан гөрі зиянды болады, себебі қателік жиі қайталанғанда ата-ана немесе мұғалім баланы түзетілмейді деген наныммен қарауға бейім болады. Жалпы әсердің негізінде біз көбінесе басқа жағдайда мінез-құлқы өте жақсы бала қателік жасағанда анағұрлым қатаң емес шараларды қолданатынымыз да анық.

Дегенмен, осындай жағдайлардың біреуінде де біз баланың жеке тұлғасының бірлігін түсінуге сүйене отырып, мәселенің түп тамырына бойламаймыз. Бұл тұтас әуеннен жұлып алынған жеке ноталардың мәнін түсінуге тырысумен бірдей.

Біз баладан оның неге жалқау екенін сұрағанда, біздің анықтағымыз келетін негізгі байланысты ол біледі деп ойламаймыз. Сол сияқты біз неге өтірік айтатынын да ол айтып бере алады деп күтпейміз. Міне, адам табиғатын өте терең түсіне білген Сократтың: "Өзін-өзі түсіну қандай қиын!" деген қанатты сөзі мыңдаған жылдар бойы қайталанып жүр. Ал сонда біз баладан тіпті психологтың өзі шешуге қиналатын осындай күрделі сұрақтарға жауап беруін талап етуге қандай құқымыз бар? Баланың нақты реакциясының бүкіл мәнін түсіне білу оның бүкіл жеке тұлғасын түсінуге қажетті әдістің болуын шамалайды. Ол не істеді және өзін қалай ұстады деген сипаттау емес, баланың алдындағы тұрған мәселелерге оның көзқарасы қандай дегенді түсінуді қосады.

Келтірілетін мысал баланың бүкіл өмірін білу біз үшін қандай қажет екенін көрсетеді. Он үш жастағы бала отбасындағы екі баланың үлкені. Бес жыл бойы ол отбасындағы жалғыз бала болып, әбден бақытты еді. Сонан соң қарындасы өмірге келді. Оған дейін баланың айналасындағылар оның кез келген тілегін орындауды қуаныш көретін. Шешесі оны, сөзсіз, еркелеткен. Әкесі байсалды және ақ көңіл еді және оған ұлының өзіне тәуелді екені ұнайтын. Ұлы, әрине, шешесіне жақындау болды, өйткені әкесі армия офицері болғандықтан, үйде жиі болмайтын. Ал шешесі ақылды және саналы әйел, өзіне тәуелді, бірақ табанды ұлының кез келген орынсыз тілегін қанағаттандыруға тырысты. Дегенмен оны ұлының теріс қылықтары мен қатерлі ишараттары жиі ренжітетін. Ұл бала шешесін әрқашан да ашуландыратын, оған басшылық етіп, келекелеп, қысқаша айтқанда, өзін кез келген қалт еткен

жағдайда нашар жағынан көрсетуге тырысуынан төзімсіз атмосфера туындап отырды.

Баланың мінез-құлқы анасын мазасыздандырды, бірақ басқа ауытқушылықтар көрінбегендіктен, ол жеңіліске ұшырап, өз қамқорлығын оның киімінің таза болуын қадағалау мен үй тапсырмасын орындауға көмектесумен шектейді. Бала өзінің кез келген қиын жағдайдан шығуына анасының әрдайым көмектесетініне нық сенімді болған. Әрине, ол ақылды бала еді, басқа да балалар сияқты дамыған және сегіз жасқа дейін бастауыш мектепте жақсы оқыған. Осы уақыттан бастап баланың ата-анасымен өзара қарым-қатынастарында үлкен өзгерістер пайда болды: оның оларға деген қатынасы мүлдем төзімсіз жағдайға айналды. Ол өзінің сыртқы көрінісі мен жеке басының тазалығына мүлдем көңіл аудармағанымен, анасының есін шығарумен қатар, өз тілектерін орындамағанда шешесінің әрқашан шашынан тартқылап отырды; оған мүлдем тыныштық бермеді, құлағынан шымшып немесе қолынан тартты. Ол өз тактикасын өзгертпек түгілі, қарындасы өскен сайын, өзі ұстанған мінез-құлқының тәсілін жалғастыра берді. Енді оның қылықтарының объектісі қарындасы болды. Ол қарындасына дене зақымын жасамағанымен, оның оған деген қызғанышы анық еді. Оның мінез-құлқы отбасында өзіндік рөлге ие болған қарындасының өмірге келуімен бірге бұзылды.

Осы сияқты жағдайда, баланың мінез-құлқы бұзылғанда немесе кейбір келеңсіз симптомдар пайда болғанда, бізге осындай жағдай пайда болған кезге ғана емес, оның туындау себебіне де көңіл аудару қажеттілігін ерекше айтып кетейік. "Себеп" деген сөзді мұқият қолдану керек, өйткені неліктен баланың "қиын" балаға айналуына қарындасының өмірге келуі себеп болуы керек екені анық емес. Дегенмен мұндай жағдай жиі кездеседі және осындай өзара қатынастарды бала тарапынан қате, дұрыс емес деп қарастырмауға болмайды. Бұл қатаң физикалық және ғылыми мағынадағы себеп болып табылмайды, яғни кіші баланың өмірге келуімен үлкен баланың мінез-құлқы бұзылуы керек деп айтуға болмайды. Жерге құлайтын тас бір белгілі бағытта және нақты жылдамдықпен ұшуы керек деп бекітуге болады. Ал жеке-даралық психологиядағы зерттеулер психикалық "құлауда" шынайы себептілік рөл ойнамайды, тек үлкенді-кішілі қателіктер орын алғаннан кейін ғана, солар индивидтің кейінгі дамуына әсер етеді деп айтуға мүмкіндік береді.

Адам психикасының дамуында қателесулер болады және осы қателіктер мен оның салдарлары өзара тығыз